Шымкент қаласының білім басқармасының
«Өмірлік қиын жағдайда жүрген балаларды қолдау орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

БҰЙРЫҚ № 38 н/қ

10.03.2026 жыл

Бір көзден алу тәсілімен
мемлекеттік сатып алуды «табиғи монополия салаларына жататын көрсетілетін қызметтерді, сондай-ақ энергиямен жабдықтаудың көрсетілетін қызметтерін сатып алу немесе энергиямен жабдықтаушы ұйымнан электр энергиясын сатып алу-сату жөніндегі қызметтер»
жүзеге асыру туралы

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 1) тармақшасына сәйкес және қызметке жоғары қажеттілікке байланысты

БҰЙЫРАМЫН:

1. 16-баптың 3-тармағының 1- тармақшасына сәйкес табиғи монополия салаларына жататын көрсетілетін қызметтерді, сондай-ақ энергиямен жабдықтаудың көрсетілетін қызметтерін сатып алу немесе энергиямен жабдықтаушы ұйымнан электр энергиясын сатып алу-сату жөніндегі қызметтер бойынша шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру.
2. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруға және өткізуге жауапты экономист Турсынбеков А.А.:

– «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабының 6-тармақшасында көзделген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаттарын сақтай отырып өнім берушіні анықтау;

– өнім берушіге веб-портал арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған шарт жобасын жіберу;

– шарт жасалған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей бекітілген нысан бойынша шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу туралы есепті веб-порталда орналастыру.

3. Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен сатып алу туралы шешім қабылдау және «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 1-тармағына сәйкес мемлекеттік сатып алу қағидаттарын сақтау үшін жауапкершілікті өз мойныма аламын.
4. Осы бұйрық оған қол қойылған күннен бастап қолданысқа енеді.
5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өз құзырымда қалдырамын.

Негіздеме: өндірістік қажеттілік

Директор Боранбаева Л.Ж.